

Мектепалды даярлық «Б» сыныбының тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:  Абдижаппарова А.Ж

Сынып жетекшісі: М.М. Махмұт

Білім беру ұйымы: М. Жұмабаев атындағы ЖББӨМ

Мектепалды даярлық О «Б» сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: I-шіртәу. 26-30 желтоқсан, 2022-2023 оқу жылы

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|--|--|--|--|--|--|
| Балаларды қабылдау | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін жағлы жағдай жасау. Балаларға тәрбиесінің толық ағы- жөнін атап сөзмендесуді үйрету. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтаратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту, бүгінгі ауа райы туралы балалардың ойын білу | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен келіссөз немесе әңгімелесу | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алын келулерін ескерту | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балалардың ертеңгілік жаттығуға үлгертіп алын келулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалыңда сөзсіз қабылдан жақсы көретінін білді сөздерін. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысын жеуге үйретулерін ескерту. | Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысын жеуге үйретулерін ескерту |
| Балалардың дербес әрекеті (ақ қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар) | Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзілі көрсетіп, жалпы түсінік беру. Дидактикалық ойын. "Атын атап бер" Мақсаты: көктем гүлдері туралы білімдерін бекіту Табиғат бұрышында еңбек ету. | Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. «Суреттерді құрастыр» Ата тақырыбы бойынша суреттерді | Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. «Суреттерді құрастыр» Ата тақырыбы бойынша суреттерді | Балалардың білімдерін тереңдету мақсатында аспан әлемі жайында бейнетаспадан үзілі көрсетіп, жалпы түсінік беру. Дидактикалық ойын. "Атын атап бер" Мақсаты: көктем гүлдері туралы | Дидактикалық ойын: «Геометриялық пішіндерден құрастыр». Геометриялық пішіндерден зымыранды құрастырады. Табиғат бұрышында еңбек ету. «Суреттерді құрастыр» Ата тақырыбы бойынша суреттерді |

| | | | | | |
|---|--|--|---|---|--|
| <p>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</p> | | | | | |
| <p>Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p> | <p>1 - ұйымдастырылған іс-әрекет</p> | | | | |
| <p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, Мақсаты : «Сөз», «Сөйлем» деген не екенін түсіндіру.</p> <p>–Педагог балалардан қыс мезгілінде неше ай бар екенін сұрайды? Қыс мезгілі ұнай ма, несімен ұнайды? – деп сұрақ қояды.</p> <p>Демонстрациялық материал. –Ендеше, мына үлгі суретке қарап, әңгіме құрайық. Суретте қарап, көргендеріңді өз қиялдарыңмен толықтырып, әңгіме құрап көріңдер. –Суретке мұқият қарап, тақырып қойыңдар. Сендер суретте шанамен сырғанап жүрген</p> | <p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, жазу Мақсаты: Ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту Дидактикалық ойын: «Тиісті белгіні көтер» – Дауысты, дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздерді араластырып айтамын, сендер тиісті қызыл, көк түсті жалаушаларды көтеріңдер. Мысалы: маймыл, ақ аю, ат, жолбарыс, түйе, бұзау, қасқыр, түлкі, қоян, арыстан, керік, тышқан, ит, доңыз, мысық, тай, қой, құлын, тауық, ешкі,</p> | <p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жазу Мақсаты: дауысты, дауыссыз және сөйлем туралы алған білімдерін пысықтау.</p> <p>Дидактикалық жаттығу: “Жасырылған сөз” Шарты: бала бір сөздің атын тура атамай, оны сипаттайды. Балалар сол сөзді табады. Мысалы: “Ол күз мезгілінен кейін келеді”, “Ол келмесе, Аязата мен Ақшақар келмейді”.</p> | <p>Сауат ашу негіздері Міндеті: Берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру Мақсаты Буынға бөлу, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату Дидактикалық жаттығуы: «Буынға буын қос» Педагог: -Мен сендерге сурет көрсетіп бірінші буынын айтамын, сендер екінші буынын айтасыңдар. Мысалы: (ал...ма, бақта...шы, қар...быз, қа...уын, қала...қай, қыза...нақ, қор...жын,дәп...тер, қа...лам, қай...шы, жыл...қы, бе...сік, бал...та, көр...пе, сә...біз, бара...бан, қо...зы, құмырс...қа,</p> | <p>Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты өлеңді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу Жаңа жыл келді Жаңа жыл да келеді Бізге қарай жылыстап. Өлең де әзір, ән де әзір, Ойын да әзір, бәрі әзір. Кел, Жаңа жыл, біздерге, Кел, Жаңа жыл, Жаңа жыл! Сөздік жұмыс: жылыстап – ақырындап, біртіндеп әзір – дайын</p> | |

| | | | | | |
|--|--|--|---|--|--|
| | <p>балаларды, коньки теуіп жүрген баланы көріп отырсындар, балаларға ат қоя отырып, әңгіме құрандар.</p> <p>«Бұл суреттің тақырыбын сендер қалай деп атайтын едіңдер?» деген ұсыныс айтады педагог.</p> <p>Педагог балалардың ойларын қорыта келе: «Бұл суреттің тақырыбын "Ажарлы қыс " деп атасақ қайтеді, келісесіңдер ме?» – деп сұрады.</p> <p>–Балалар "ажарлы " – сөзі «көрікті, әсем, тамаша, сұлу» деген мағынаны береді. Педагог қол көтеріп, әңгіме құрауға қызығушылық танытқан балалардың бәрінің ойын тыңдайды. Жақсы әңгіме құраған баланы мақтайды</p> | <p>лақ, сиыр, бота, қозы, көжек, бақа, ағаш, гүл, балық, қарға, арпа, арқан, ботқа, шаш, мақта, қағаз, базар, жапырақ, ит, үйшік, балта, балға, егеу, керует, қамшы, алқа, доп, керік, кекілік, бор, қорық, қоныс, тиін, марғау, жылан</p> | <p>Жауабы: қыс. Мысалы: кітап, күз, теледидар, көбелек, терезе т.б.</p> | <p>шы...бын, қо...ян, ал...мұрт, май..мыл, бал..та, бал..ға, пар..та, қызғал..дақ, түйме..дақ, ке..рует, кәм..пит, ке..се, ке..ме, қуыр..шақ т.б.)</p> | |
|--|--|--|---|--|--|

Үзіліс : Затты лақтыру мен қағып алуға арналған ойындар «Допты қуып жет»


Тынымсыз Тіл туралы ертегі жаттығулары:
Сыйқырлы айнаға қарап отырып, араның масаның , шегірткенің, жыланның дыбыстарын салып көр. Осы дыбыстарды Тынымсыз Тіл ұнатады ма соны байқа.

Ағайынды аралар.
Ағайында арарармыз,
Еңбек үшін жаралғанбыз.
-3-3-3-3-3
Шырын іздеп күні бойы
Гүл бақшаны аралаймыз
-3-3-3-3-3



Ойын: «Допты қуып жет»
Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Тәрбиешінің берген белгісін мұқият тыңдай білуге үйрету.
Ойынның шарты:
Тәрбиеші балаларға доп салынған кәрзеңкені көрсетеді де алаңның бір жағында өзімен бірге қатарласа тұруды ұсынады. Одан кейін кәрзеңкеден доптарды алып,


(Үш саусағыңды түйістіріп, ұшып жүрген араларға ұқсат, әрбір екі жолдан кейін аралардың ызылдағанын сал.)
 Жаман ара
 Қалмай ұшып соңынан,
 Ара қуды Мұратты.
 -3-3-3-3
 Шағып алып қолынан,
 Досымызды жылатты.
 -у-у-у-у
 (Араның дауысы мен баланың ара шаққандағы дауысын сал)



балалардан алысқа, әр жаққа лақтырады. Балалар доптарға жүгіреді, оларды алып кәрзеңкеге салады. Ойын қайталанады. Балалар қанша болса, доп та сонша болуы керек. Олардың әрқайсысы допты қуып жетіп, кәрзеңкеге салатын болсын.

2 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|--|---|---|---|--|---|
| | <p>Қоршаған орта Міндеті: Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту Мақсаты жанды және жансыз заттардың түрлерін атап береді; бақылаулардың нәтижесін табиғат күнтізбесінен, суреттерден көрсетіп бере алады</p> <p>Табиғат – адамның көмегінсіз</p> | <p>Математика негіздері Міндеті - Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру Мақсаты Топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру,</p> | <p>Математика негіздері Міндеті: - - Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру Мақсаты заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту Ттапсырманы орындау үшін суреттерді қарау</p> | <p>Математика негіздері Міндеті: - Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру Мақсаты заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту «Сонша жина» дидактикалық ойыны</p> | <p>Қоршаған орта Міндеті: Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту Мақсаты Балаларды «жансыз табиғат» түсінігімен таныстыру, жансыз табиғаттағы адам қолымен жасалған заттарды айыра білуге үйрету</p> <p>Күрделі сұрақ: Қолдан адам қолымен жасалған әлемге қандай заттар жатады деп ойлайсыңдар? Балалар терезеден не көріп тұрғандарын атап береді. Табиғатқа –</p> |
|--|---|---|---|--|---|

| | | | | | |
|--|---|--|--|--|--|
| | <p>тіршілік етеді. Ал адамның қолымен жасалған заттардың бәрі табиғат нысаны болып табылмайды. Табиғатты: Жанды табиғат әлемі және жансыз табиғат әлемі деп екі үлкен бөлікке бөлуге болады. Содан соң педагог жанды табиғат дегеніміз не екенін анықтауға шақырады. Қуаныштың өтінішін орындап, терезе алдына келіп қоршаған ортаны эпизодтық бақылауға шақырады</p> |  <p>Теңестіруге немесе артығын білу үшін, ойыншықтарды бір- бірінің астына қояды, немесе жұптарын сызық арқылы қосады. Балалар ойыншықтарға саусақ тигізіп санайды. Цифр жазылған карточкаларды алады. Осы карточкаларды ойыншықтардың астына қояды. Ойыншықтардың тең санын салыстырып, артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет деген қорытындыға келеді</p> | <p>керек. – Қай топтағы заттардың арасына «=>» белгісін қоюға болады? Бір алмадан себетке салады. Алмаларды әр себетпен сызып қосады. -Не артық? Не кем? – Алмұртты тәрелкіге салады. Алмұртты әр тәрелкемен сызып қосады. -Не артық? Не кем? Қорытынды жасайды</p> | <p>Балалар топқа бөлінеді. Әр топта үстелде біртекті заттар жиынтығы бар (текшелер, «Лего» бөлшектері, геометриялық фигуралар, бұршақтар, қыстырғыш немесе басқа материалдар). Ойынды былай түрлендіруге болады, жүргізуші көзін жұмып, саны бар карточканы шығарады, содан кейін кез-келген топтағы заттарды санайды және нөмірін атайды. Балалар ойынға қатысады. Балалардың бірі – жүргізуші 1-ден 10-ға дейінгі карточканы көрсетеді, балалар сонша заттарды орналастырады</p> | <p>ағаштар да, аспан да, шөп те, ауа да, адам да жатады деген ұйғарымға келеді. Топтағы жанды заттарды атап көрсетеді. Үстелдің неліктен жансыз затқа жататынын дәлелдейді. Тірі ағзаның қандай әрекеттер жасайтынын, мәселен, тыныстайтынын, тамақтанатынын, өсетінін, көбейетінін айтып береді. Педагогтің көмегімен қолдан жасалған (жансыз) әлемге киім, аяқкиім, ыдыс-аяқ, жиһаз т.б. жататынын түсіндіреді</p> |
|--|---|--|--|--|--|

Үзіліс:

Саусақ ойындары

Ойын: Су толтыру.

Мақсаты: Қол ептілігін дамыту, ас ішкенде қалай отырып, қасықты қалай

Саусақ ойыны: Жүретін саусақтар.

Мақсаты: Саусақтарын жүргізе отырып, саусақты шынықтыру және заттарды атау үшін логикалық есін ұлғайту.

Керекті құралдар: Суреттері бар кітапшалар.

Дидактикалық ойын:

«Домино»

Мақсаты: «Баланың көліктер жайлы білімдерін дамыту, пысықтау. Сәйкес көлікті тауып дұрыс атату, оның атқаратын қызметімен таныстыру.

| | | |
|---|--|--|
| <p>ұстайтынын,ыдыстар қалай тұратынын үйрету. Керекті құралдар:шұңқыр қасық,шұңқыр тәрелке мен күрешке. Мазмұны: Үстел үстіне шұңқыр ыдысқа су құйып қоямыз.Одан кейін 1-ші тәрбиеші өзі көрсетеді.Ыдыстағы суды қасықпен алып,ақырын төгіп алмай күрешкеге құямыз.Осы іс-әрекет бірнеше рет қайталанады.</p> | <p>Шарты: Суреті бар кітапшаны алып,ішін ашып,ішінде балалар білетін деген суреттерді парак бетінде саусақтарды жүргізе отырып (2 саусақпен),суретті нұсқап оның атын сұрайды.балалар жауап береді.Сол ереже бойынша қайталанады.</p> | <p>Ойын шарты: Суреттері сәйкес келетін карточкаларды біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады. Қажетті құралдар: Бірдей қос суреттер, әртүрлі көліктер бейнеленген көлімдері 5×6см карточкалар.</p> |
|---|--|--|

3 - ұйымдастырылған іс-әрекет

| | | | | | |
|--|--|---|--|---|--|
| | <p>Қазақ тілі Міндеті: Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу Мақсаты сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру. Дидактикалық ойын: «Не деу керек?» – Тақпақтарды тыңдап, назар аударамыз. Қай жауабы дұрыс? Апаң сенің базардан Алма сатып әкелді. Ең үлкенін, жақсысын Саған таңдап әперді. Не деп айтып жеу керек? «Рақмет, апа!» – деу керек.</p> | <p>Қазақ тілі Міндеті: Тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізу Мақсаты сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру. Мақал-мәтелдерді жаттап ал. Әдептілікті данадан үйрен. «Сіз» деген – әдеп, «Біз» деген – көмек. Педагог жеке</p> | <p>Сөйлеуді дамыту Міндеті: Табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, Мақсаты . «Ажарлы қыс» үлгі суреті бойынша әңгіме құрауға үйрету «Айырмашылығын тап». Екі аққаланың суреті беріледі. Суретке қарап, аққалалардың айырмашылығын табу керек</p> | <p>Көркем әдебиет Міндеті: Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту Мақсаты өлеңді жаттату арқылы шығарманың эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу Педагог үстелге шыршаны, куыршақ Аязата мен Ақшақарды қояды. – Жақында қандай мерекені қарсы аламыз? – Қандай мереке шыршасыз өтпейді?</p> | <p>Шығармашылық бейнелеу әрекеті Міндеті: - Жаңа жыл кешінің аса сыйлы қонағы – Аязатаның қалай пайда болғанымен таныстыру -- Ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру - бейнені кескіні бойынша кию үшін қайшыны қолдану - бірнеше бөліктерден бейнелерді құрастырады Мақсаты:- қоршаған ортадағы болмысты елестеу арқылы сурет салу дағдыларны қалыптастыру. Олардың сипаттамалық белгілерін байқауға үйрету.</p> |
|--|--|---|--|---|--|

| | | | | | |
|-----------------------|--|--|--|--|---|
| | <p>Балалар жүр көшеде, Естілді шу-айғай. Сен де шықтың досыңды, Қағып кеттің байқамай. Мұндайда не деу керек? «Кешір досым», – деу керек. Осы келген бетінде, Допты қудың жарыстың. Көшенің сол шетінде, Кезікті бір апайың, Ұмыттың сен не деу керек? «Сәлеметсіз бе!» – деу керек.</p> | <p>жұмыс жүргізеді. Ойын «Сұраққа жауап бер». – Сен әдепті баласың ба? – Иә. Мен әдепті баламын. – Досыңды ренжітсең, кешірім сұрайсың ба? – Иә. Досымды ренжітсем, кешірім сұраймын.</p> | | <p>– Шырша қайда өседі? Қазір жылдың қай мезгілі? – Жаңа жыл мерекесі саған несімен ұнайды? – Бүгін ақын Сағи Жиенбаевтың «Жаңа жыл келді» өлеңімен танысамыз. Өлең – әдеби жанрдың бір түрі екенін естеріне түсіру. Өлең сөз адамның жан тебіренісін әсерлі етіп жеткізеді. Айрықша сезімдерді ұйқас сөздермен суреттейді Жұмбақты шеш. Жасыл ине киімім, Жайлаймын тау биігін. Жаңа жылды тойласаң, Төріндемін үйіңнің. (Шырша) 3. Жаңа жылды қарсы алу үшін қажетті заттарды шыршаға сызып қос.</p> | <p>Аязатаның бейнесін салуды үйрету Топтық жұмыс</p> |
| <p>Үзіліс:</p> | | | | | |

«Гүлдерді күтеміз» ойыны

Мақсаты: балалардың табиғатты рухани бағалау мәдениетін, гүлдерді дұрыс күтіп-баптау, яғни суару, қопсыту дағдыларын қалыптастыру. Гүлдердің түрлерін (көпжылдық, біржылдық, пияз тұқымдас, шөптекті, тұқымдас гүлдерді) ажырата білуге үйрету. Гүлдер сұлулық белгісі екенін, оларды күтіп-баптап, қамқорлыққа алу керектігін түсінеді.

Ойын шарты: гүлдерді екіге бөлу, дала гүлдерін газонның қасына іліп, ал бөлме гүлдерін үйдің қасына қою, суреттер бойынша әңгімелету.



Қимылды ойын: «Ту».

Мақсаты: Топтағы қарым-қатынасты нығайту.

Ойынның шарты: Балалар 3-4 топқа бөлінеді. Әр топтың ортасында 1 бала тұстап тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ойыншылар жан-жаққа жүгіріп, көздерін жұмып тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша тұстаған балалар орындарын ауыстырады. Тәрбиеші «Өз туларыңды табыңдар» дегенде ойыншылар өз туларына қарай жүгіреді. Қай топ тез жиналады, сол топ жеңеді. (Тулардың түстері әр түрлі болу керек)

Қимылды ойын:

«Шұңқырдағы қасқырлар»

Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, жылдамдыққа баулу.

Ойынның шарты: Алаңның ортасында ұзын шұңқыр салынды. (1-1,5 метр) Шұңқырдың ортасында екі қасқыр тұрады. Қалған ойыншылар ешкі болады. Ешкілер алаңның бір жақ шетінде үйлерінде тұрады. Тәрбиешінің бұйрығы бойынша ешкілер үйлерінен шығып, шұңқырдан секіріп өтіп, жайылымға барады. Қасқырлар шұңқырдан шықпай ешкілерді ұстап алу керек.

| | | | | | |
|--|--|--|--|--|---|
| | <p>Дене шынықтыру Міндеті: Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру Мақсаты Баланың кинестикалық (көру мен тыңдау арқылы қабылдауы) қабілеттерін дамыту I.«Қарда жүргіш мәшиесі»: бір тізбекпен жүреді. «Орман тұрғындары» жаттығулары: тізбекпен қоян, қасқыр, түлкінің жүрістерін салып жүреді. II.ЖДЖ ойын түрінде («орман алаңқайында жылынамыз») «Артымнан қайтала». Педагог жаттығуларды көрсетеді. Балалар жаттығуларды педагогтің көрсеткеніндей орындауға тырысады. Тыныс алу гимнастикасы: «Жел». •Қолды төмен түсіріп, аяқты алшақ қойып, мұрынмен дем алу. •Басты солға бұрып, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу.</p> | <p>Музыка Міндеті: -Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру Мақсаты: Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру. Музыка тыңдау: «Қыс» (А. Вивальди, ұнтаспадан) Ән айту: «Ақша қар» (К. Қуатбаев) «Ақша қар» (Е. Өміров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский ұнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Жылдам құрастыр»</p> | <p>Дене шынықтыру Міндеті: Түзу бағытта адымдап жүру Мақсаты 2.5 м арақашықтықта бір-біріне доп лақтырып, доптың ұшуын бақылауға, ұшып келе жатқан допты қолды бүккен күйде қағып алуға үйрету. Бөрене үстінде төрттағандап еңбектеуге үйретуді жалғастыру, қол мен аяқты үйлестіріп қозғай білу шеберліктерін (машықтарын) дамыту. «Сілеусін» – бөренеден түсу Бөренеден асықпай, сақтықпен түседі. Бір-біріне кедергі келтірмеуге тырысады. (4 рет)</p> | <p>Дене шынықтыру Міндеті: Жұбымен шеңбер бойымен жүру Мақсаты Баланың денсаулығын нығайтуға арналған жұмыстарды жалғастыру Қимыл-қозғалыс ойыны: «Қасқыр мен лақтар». (3 рет) Ойын шартын естеріне түсіреді. Қарама-қарсы жаққа тек белгіден кейін ғана жүгіреді. Залдың бір шетінде тұрады. Зал ортасында «қасқыр» тұрады. «Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секеңдеп, Байламаса көкем кеп». Белгіден кейін залдың екінші шетіне «лақтар» жүгіреді, «қасқыр» оларды ұстап алуға тырысады.</p> | <p>Музыка Міндеті: -Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу Мақсаты Музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту, жылдамдық пен ептілікті білдіру. Музыка тыңдау: «Қыс» (А. Вивальди, ұнтаспадан) Ән айту: «Ақша қар» (К. Қуатбаев) «Ақша қар» (Е. Өміров) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен) Билер: «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский ұнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан) Ойындар, хороводтар: «Жылдам құрастыр» Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко)</p> |
|--|--|--|--|--|---|

| | | | | | |
|--------------------------|---|--|--|--|--|
| | <ul style="list-style-type: none"> •Басты түзу ұстап, дем алу, басты оңға бұрып, демді шығару. •Басты түзу ұстап, мұрын арқылы дем алу, ерінді жиырып алдыға шығарып үрлеу. •Басты төмен түсіріп, иекті кеудеге тигізу, дем шығару (қол білезіктерін айналдыру). | Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко) | | | |
| Серуенге дайындық | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. | Киімдерді реттілікті сақтап дұрыс киінуге үйрету. |
| Серуен | <p><i>Желді бақылау</i> Мақсаты: желдің бағытын қалай, нелерарқылы анықтауға болатындығын, баяу, жылдам сөздерінің мағнасын түсіндіру</p> <p>Сұрақ: - Желдің бағытын, күшін қалай біліп, анықтауға болады?</p> | <p><i>Аула сыпырушы еңбегімен танысу</i> Мақсаты: аула сыпырушының қыс кезіндегі еңбегі, оның жұмысы туралы балалардың түсінігін толықтыру.</p> <p><i>Бағбандардың еңбегін бағалап, құрметтеуге тәрбиелеу.</i></p> | <p><i>Мұз сүңгісін бақылау.</i> Мақсаты: балаларға мұздың қасиеті туралы мол түсінік беру.</p> <p><i>Байқағыштық қасиетті қалыптастырып, іске баға беріп, қортынды жасай білуге үйрету.</i></p> <p>Тапсырма: «Сүмелек мұз» тақырыбына сурет салу.</p> <p>Сұрақтар:</p> | <p>Қайың ағашын бақылау. (Қиялдау) Мақсаты: қайың ағашының қысқы көркін бақылау.</p> <p>Балаларды табиғаттың қорғаушысы болуға тәрбиелеу.</p> <p>Тапсырма: ағаш туралы суреттер бойынша шығармашылық әңгіме</p> | <p>Алаңдағы ағаштарды бақылау Мақсаты: балалардың ағаштарды қыс кезінде қалпын анықтап, білімін толықтыру.</p> <p>Тапсырма: «Таңғажайып ағаштарды безендіреміз» тақырыбына сурет салу.</p> <p>Ағаштарды сыртқы түсінен, түрінен, бұтақтарынан қалай</p> |

| | | | | | |
|--|--|---|---|---|---|
| | <p>- үй мұржаларынан шыққан түтіннен, - қағаздың ұзыншалау кішкентай кескінділерінен - орамалдардың қозғалысынан анықтап білуге болады. Көркем сөз Қыстағы қар, жаздағы жаңбыр – жерге жауған нұр. Қимылды ойын: «Әткеншек» Мақсаты: алғашқыда асықпай, сонан соң тез айналып жүгіру. Еңбек: алаңшаны көркейту үшін түрлі-түсті мұз кесінділерін дайындап қою.</p> | <p>Тапсырма: «Ауланы тазалаушының еңбегін қалай жеңілдетсем» деген тақырыпқа шағын әңгіме құрастыру. Тақпақ: Қолынакиіп қолғапты, Ауланы ағай сыпырды. Тазалап қарды мұздарды, Бәрімізге олжол ашты. Қимылды ойын: «Сауықшылар»(қысқы спорт ойындары.) Жеке жұмыс: «Кім алысқа секіреді?» Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру. Жаңылтпаштар: Қаңтар айы болды, күн суытты Қалың қар жауды, боран соқты. Жапалақтап ақ қар жауды Еңбек: аула сыпырушыға балабақшаның ауласын сыпыруға көмектесу</p> | <p>Сүмелек мұз жөнінде не айтуға болады? Ол қандай? Сәбіз сияқты Сүмелек мұз қай жерде, қалай пайда болады? Күнгей жақта ма, әлде терістік жақта ма? Олар қайдан пайда болады? Осыдан қандай қортынды жасауға болады? Көркем сөз: Көл бетінде жатыр айдын – мұзойнақ, Қыстың өзі жасағандай бізді ойнап, Шаңғы теуіп жарысамыз желменен, Күнде осында қызықтаймыз біз ойнап. Мұ зафар Әлімбаев Қимылды ойын: «»Үйсіз қалған қоян Мақсаты: ойынның тәртібін сақтай отырып, секіріп алға жүгіру.</p> | <p>құрастыру. Әр балаға суреттер таратылады. Көркем сөз Ағаштар тұр жүдеп, Жапырақ сәні енеді. Соғады жел үдеп, Қыстың кеп сәлемі. Еңбек: қайың ағашының түбіне қар жинау. Мақсаты: балаларға ағаштың түбін қармен жабудың сырын, пайдасын түсіндіру. Қимылды ойын: «Біз көңілді баламыз» Жеке жұмыс: «Жұмбақты шеш» сюжетті ойын ойнату. Жұмбақ: Жазда жатсаң көлеңкесінеалады, Қыста жақсаң, жаның рахат табады. Ағаш</p> | <p>орналасуынан танып, айыруға үйрету. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Сұрақтар: 1. Жапырақсыз ағаштарды қалай атаймыз? 2. Жапырақтар неге күзде түсіп қалады? 3. Ағаштар бір біріне немен ұқсас? 4. Ордың айырмашылығы қандай? Дидактикалық ойын: «Сөзбен суретпен айт» ағаштың түрін таны. Қимылды ойын: «Ордағы қасқыр» Мақсаты: секіруге, затты лақтыруға жаттықтыру. Еңбек: ағаштардың түбін қармен жабу. Мақсаты: қар ағаштың түбін аяздан қорғайтынын балаларға түсіндіру. Балаларды табиғатқа қамқоршы болуына тәрбиелеу. Жеке жұмыс: шаңғымен жаттығулар жасау: екі аяқпен кезек-кезек оңға,</p> |
|--|--|---|---|---|---|

| | | | | | | |
|-------------------------------|--|--|--|--|--|--------------------------------------|
| | | | | | | <i>солғааңдағы ағаштарды бақылау</i> |
| Балаларды үйге қайтару | <i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | <i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | <i>Ата –аналарға кеңес</i> - үйдегі жағдайда баланың өзіне - өзі қызмет етудің алғы шарттарына үйрете беріңіз: жуыну, қолын сүрту, шешіну, өз бетімен тамақтану, тамақ ішкенде қасықты пайдалану, горшокқа сұрану. Киімдері міндетті түрде өзіне ыңғайлы болуы шарт: шалбар не болмаса шорты замоксыз, белдеушесіз. | <i>Ата –аналарға кеңес</i> Егер Сіздің балаңыз көпшіл, өз-жақындарыңыз бен бірге бөтен адамдарды жатырқамаса, ойын кезінде өздігімен ойнай білсе, мінезі ашық, өз құрдастарымен мейрімді болса мектепке келген күннен бастап – ақ үйреніп кететіне сеніңіз. | <i>Ата –аналарға кеңес</i> - баламен жағымды эмоционалдық жағдайлар жасау қажет, ол көбіне ата – ана жағынан болуы қажет, мектеп туралы, оның өзіне керектігін түсіндіріп балаңызды сүйіп, аймалап, жиі оған өз мейіріміңізді көрсетіңіз. Балаңыздың көзінше мектеп туралы өзіңізді толғандыратын мәселені айтудан аулақ болыңыз. | |